



## «Арқалық қаласының құрметті азаматы» атанды

Ұлы жеңістің - 76 жылдық мерекесімен Ұлы Отан соғысының ардагері Федор Романенконы қала әкімі Әмірхан АСАНОВ құттықтап, бейбіт күнді жақындатуға үлес қосқан батыр қарияға алғысын айтып, ол кісіге «Арқалық қаласының құрметті азаматы» атағы берілгенін жеткізіп, соны растайтын куәлікті Арқалық қалалық мәслихатының хатшысы Гүлбану ЕЛТЕБАЕВА салтанатты түрде табыс етті. 99 жастағы ақсақал мұндай құрмет мерекелік қуанышын еселегенін жеткізіп, сұрапыл соғыстан естеліктер айтып, ондай күнді кейінгі ұрпақтың көрмеуін тіледі.

Федор РОМАНЕНКО Кеңес әскерінің құрамына Свердлов әскери училищесінен 1942 жылдың жазында алынады. Бірден Сталинград майданына кіріп, 883-ші полктің 193-ші атқыштар дивизиясы сапында жауға қарсы тұрады. Өкінішке орай, көп ұзамай ауыр жараланып, ұзақ уақыт госпитальда емделіп, 1943 жылдың тамыз айында 3 топтағы мүгедек ретінде елге қайтарылған. Отанға оралғасын ауылдық кеңестің хатшысы болып аз жыл жұмыс жасап, 1944 жылы ЦМ органдарына жіберіледі. Әуелі Федоров ауданында аға жедел уәкіл болып, кейіннен Қарасу ауданы мен Арқалық қалалық ішкі істер бөлімдерінде басшылық қызметтерді атқарып, милиция полковнигі дәрежесіне дейін көтерілген.

ның шешімімен спорт ардагері Орынбай СЕЙДАҒАЛАМОВ және медицина саласының майталманы Мұхамедрақым СПАНДИЯРОВ мереке қарсаңында мәртебелі атаққа ие болды. Қала әкімі Әмірхан АСАНОВ «Арқалық қаласының құрметті азаматы» куәлігін табыстай тұрып, спорт және медицина саласы бойынша өңіріміздің дамуына өлшеусіз үлес қосқаны үшін марапат иелеріне алғысын жеткізді. Өз кезегінде ол кісілер де еңбектерінің бағаланып, үлкен құрметке ие болғандары үшін жергілікті мәслихат депутаттарына, қала билігіне ризашылықтарын білдірді.

«Арқалық қаласының құрметті азаматы» атанған Орынбай СЕЙДАҒАЛАМОВ өңірімізге ғана емес, есімі елге белгілі даңқты спортшы – зейнеткер. 30 жылдан астам уақытын Торғай өңірінің спортын дамытуға арнап, оның ішінде Арқалық қаласында жастарды күреске баулыды. Өзі де биіктерді бағындырған. Қазақ күресінен «ҚР Еңбек сіңірген жаттықтырушысы», «ҚР Спорт шебері», «ҚР Спорттына еңбек сіңірген қайраткер», самбо мен дзюдодан «Халықаралық дәрежедегі спорт шебері», ардагерлер арасында Әлемнің 6 дүркін жүлдегер - жеңімпазы, Аманкелді ауданы мен Арқалық қаласының құрметті азаматы.

Мұхамедрақым СПАНДИЯРОВ Облыстық туберкулезге қарсы диспансерінде (кейін Арқалық қалалық туберкулезге қарсы диспансері) табан аудармастан 43 жыл бойы қызмет еткен: «ҚР медицина саласының үздігі», «Алтын дәрігер» төсбелгісінің иегері, «Арқалық қаласының жыл адамы - 2007» атағын алған, енді, міне, «Арқалық қаласының құрметті азаматы» атанып